

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті



Педагогика факультеті Корпус 2




*5B012000 «Кәсіптік
білім» мамандығы*



Ұлттық қолөнер кабинеті









*Кәсіптік білім студенттерінің
шығармашылық кеші*





Біздің эмблема



Күндей нұрлы жарқыраған,

Қолдарынан бал тамған.

Тәуелсіздік ұланымыз.

Біз қыранбыз самғаған.



Біздің девиз

*Самға қыран, алға қыран,
Жаса мәңгі Қазақстан .*

*Шығармашылық жоба
тақырыбы*



*Тәуелсіз ел тірегі –
білімді ұрпақ*

Тақырыптың өзектілігі:



Тәуелсіз ел болашағы – білімді ұрпақ . Бүгінгі таңда басты мәселе бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөзден халқымыздың ықылым замандардан-ақ білімнің қадірін білгендігін аңғару қиын емес. Бұл күнде осы аталы сөздің өзектілігі артпаса, кеміген жоқ.

Білім беруді дамыту, оқыту үрдісін жетілдіріп, оны аса жауапкершілікпен ұйымдастырып отыру керектігі туралы ойларды А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев сынды алаш арыстары сол кездің өзінде - ақ айтып кеткен. Еліміздің өркендетті, алпауыт мемлекеттерден қалыспай, тең қадам басуы үшін болашақтың тұтқасын ұстар білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті.

Шығармашылық жобаның мақсаты:



*Оқушылардың ойлау қабілетін,
ой ұшқырлығын арттыру, қазіргі
заман талабына сай терең білім
алуға ынталандыру, жан-
жақты, білімді де, жігерлі тұлға
тәрбиелеу.*

Шығармашылық жобаның міндеті:



*Жас ұрпақтың танымдық көзқарасын,
ой – өрсін, дүние танымын кеңейту.*

*Логикалық ойлау, сөйлеу қабілеттерін
шындау.*

*Танымдық белсенділікті арттырып, өз
пікірлерін тұжырымдап айтуға, еркін
сөйлеуге, өзіне сенімді болуға үйрету.*

Шығармашылық жобаның құндылығы



Жан-жақты дамыған, білімді, көкірегі ояу, ел болашағын ойлайтын, елжанды, еңбекқор, өзінің атқарған ісіне жауапкершілікпен қарауды азаматтық парызы санайтын ұрпақ тәрбиелеуде.

Шығармашылық жобаның дайындау технологиясы



1. Тақырыбын таңдау.

Мата бетіне Қазақ халқының мемлекеттік туын, көкке қалықтаған қыран бүркітін, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кең жайлау қазақ даласын, күн шұғыласының мәнін ашып, моншақ тастармен көркемдеп бейнелеу.


2. Тақырып бойынша үлгі дайындау.

Ұлттық құндылықтарымызды білім ордасына бірте – бірте тамаша қолөнер үлгілермен көркемдеп енгізіп дайындау.

- Мата бетіне сурет үлгісін түсіріп, қажетті моншақтарды анықтау.*
- Дайын сурет үлгісін жарықтың көмегімен мата бетіне көшіру.*
- Құрастыру пәні бойынша қажетті сурет сызықтарын сызу.*
- Матаға түсірілген дайын үлгіні кергішке тартып кереді.*
- Матадағы үлгіге қарай моншақ түстері үйлесімділігін келтіре отырып, бұйымды моншақ тастармен әшекейлеу.*

Жұмыстың басталу сәті














MTP









Көзінді ашатын кез келді
Мұңымды ұғынсаң
қазағым
Тәуелсіз ел болдық бұл
күні
Жасай бер мәңгілік
қазағым!